ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ
2017 ж. «12» 12 ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 171240012717
№ 5551-1900-ҚБ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
2018 ж. «28» мамыр
БСН 171240012717
№ 5551-1900-ҚБ
Бастапқы тіркелген күні
2017 ж. «12» 12

2018 жылғы 23 мамырдағы
Конференцияның шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

УТВЕРЖДЕН
решением Конференции
от 23 мая 2018 года

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АСТАНА ҚАЛАСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ
Qazaq Cybersport Federation
БИН 171240012717
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ГОРОД АСТАНА

# «Qazaq Cybersport Federation» республикалық қоғамдық бірлестігінің ЖАРҒЫСЫ

# УСТАВ республиканского общественного объединения «Qazaq Cybersport Federation»

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, 2018

Республика Казахстан, город Астана, 2018

| | | |
|---|---|---|
| 1. | **ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР** | **ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ** |
| 1.1. | «Qazaq Cybersport Federation» республикалық қоғамдық бірлестігі бұдан әрі «Федерация» республикалық мәртебесі бар қоғамдық бірлестіктің ұйымдастырушылық құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады. | Республиканское общественное объединение «Qazaq Cybersport Federation», именуемое в дальнейшем «Федерация», является некоммерческой организацией с организационно-правовой формой общественного объединения, имеющего республиканский статус. |
| 1.2. | Киберспорт, сондай-ақ компьютерлік немесе электронды спорт деп аталатын (ағылш. e-Sports) - адам мен адамды немесе команда мен команданы бәсекелесуге тең жағдай жасайтын, онда ойын басқару объектілері үшін өзара әрекеттесу ортасын қамтамасыз ететін, компьютерлік және / немесе бейне ойындар негізінде жарыстарға дайындалудың арнайы тәжірибесі мен жарыстық қызметінің түрі. | Киберспорт, также именуемый как компьютерный или электронный спорт (англ. e-Sports) – вид соревновательной деятельности и специальной практики подготовки к соревнованиям на основе компьютерных и/или видеоигр, где игра предоставляет среду взаимодействия объектов управления, обеспечивая равные условия состязаний человека с человеком или команды с командой. |
| 1.3. | Федерация азаматтардың өз еркімен, олардың қоғамдық көзқарастары және мүдделерінің жақындығы негізінде құрылған. | Федерация создана путем добровольного объединения ее членов на основе близости их культурных и общественных принципов и интересов. |
| 1.4. | Федерация өзінің қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, осы Жарғының ережелеріне, Федерацияның басқару органдарының шешімдеріне сәйкес әрекет етеді. | В своей деятельности Федерация основывается на Конституции Республики Казахстан и действующем законодательстве Республики Казахстан, Законе Республики Казахстан «О некоммерческих организациях», Законе Республики Казахстан «Об общественных объединениях», Законе Республики Казахстан «О физической культуре и спорте», положениях настоящего Устава, положениями учредительных документов и решений органов управления Федерации. |
| 1.5. | Федерация халықаралық спорт қозғалысының қағидаттарын, мақсаттарын және міндеттерін мойындайды. | Федерация признает принципы, цели и задачи международного спортивного движения. |
| 1.6. | Федерация халықаралық деңгейде Олимпиадалық Хартия Ержелеріне, Халықаралық Олимпиядалық Комитеті және Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиядалық Комитеті Ережелеріне сәйкес әрекет етеді. | Федерация на международном уровне действует в соответствии с Положениями Олимпийской Хартии, Уставом, Международного Олимпийского комитета и Национального Олимпийского Комитета Республики Казахстан. |
| 1.7. | Федерация Халықаралық киберспорт федерациясын (International e-Sports Federation), Азиялық киберспорт федерациясын (Asian e-Sports Federation) мойындайды және басқару органдарының шешімдерін өз әрекеттерінде басшылыққа алады. | Федерация признает Международную федерацию киберспорта (International e-Sports Federation), Азиатскую Федерацию Киберспорта (Asian e-Sports Federation), решения органов управления, регламентирующие документы и положения данных организаций и руководствуется ими в своей деятельности. |
| 1.8. | Федерация Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен лауазымды тұлғаларының, басқа да тіркеуден өткен | Федерация не вмешивается в деятельность государственных органов и должностных лиц Республики Казахстан, других |

| | | |
|---|---|---|
| | қоғамдық ұйымдардың қызметтеріне араласпайды, коммерциялық және саяси мақсаттар қоймайды. | зарегистрированных общественных объединений, не преследует коммерческие и политические цели. |
| 1.9. | Федерацияның қызмет жүргізу мерзімі және аумағы шектелмеген. | Срок и территория деятельности Федерации не ограничены. |
| 1.10. | Федерация өз қызметін мынадай ұстанымдардың негізінде құрады: | Федерация строит свою деятельность на основе принципов: |
| 1.10.1. | өз мүшелерінің еркінділігі, тең құқықтылығы, өзін-өзі басқаруы, заңдылық, есеп беріп отыру мен әрекеттерінің ашық болуы; | добровольности, равноправия своих членов, самоуправления, законности, отчётности и гласности деятельности; |
| 1.10.2. | жарғылық мәселелерді шешуде Федерацияның бірлігі және оның мүшелері мен құрылымдық бөлімшелері – филиалдарының мен өкілдіктерінің өз беттерінше әрекет етуі; | единства Федерации и самостоятельности членов и структурных подразделений – филиалов и представительств - в решении уставных задач; |
| 1.10.3. | жоғары тұратын органдардың шешімдерінің төмен тұратын органдардың орындау міндеттілігіне; | обязательности решений вышестоящих органов управления Федерации для нижестоящих; |
| 1.10.4. | өз пікірінің болуы, ұсыныстарға сын айтуды кең түрде қолдап және кепіл болуы; | широкого поощрения и гарантии собственного мнения, критики предложений; |
| 1.10.5. | жұмыс барысында бірлесіп шешуге және міндеттер мен тапсырмаларды орындау барысында әрбір мүшенің жеке жауапкершілігі. | коллегиальность в работе и ответственности каждого члена за выполнение обязанностей и поручений. |
| **2.** | **ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ** | **НАИМЕНОВАНИЕ И МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ ФЕДЕРАЦИИ** |
| 2.1. | Федерацияның атауы: | Наименование Федерации: |
| 2.1.1. | мемлекеттік тілде: «Qazaq Cybersport Federation» республикалық қоғамдық бірлестігі, қысқаша «QCF» РҚБ; | на государственном языке: «Qazaq Cybersport Federation» Республикалық қоғамдық бірлестігі, сокращѐнно «QCF» РҚБ; |
| 2.1.2. | орыс тілінде: Республиканское общественное объединение «Qazaq Cybersport Federation», қысқаша РОО «QCF»; | на русском языке: Республиканское общественное объединение «Qazaq Cybersport Federation», сокращѐнно РОО «QCF»; |
| 2.1.3. | ағылшың тілінде: «Qazaq Cybersport Federation» Republican public association, қысқаша «QCF» RPA. | на английском языке: «Qazaq Cybersport Federation» Republican public association, сокращенно «QCF» RPA. |
| 2.2. | Федерацияның тұрған жері (мекен-жайы): Қазақстан Республикасы, Z05G9D1, Астана қаласы, Есіл ауданы, Туран данғылы, 18 үй, 405/1 кеңсе. | Место нахождения Федерации: Республика Казахстан, Z05G9D1, город Астана, район Есиль, проспект Туран, дом 18, офис 405/1. |
| 2.3. | Федерацияның тұрақты жұмыс істейтін органының мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Z05G9D1, Астана қаласы, Есіл ауданы, Туран данғылы, 18 үй, 405/1 кеңсе. | Место нахождения постоянно действующего органа Федерации: Республика Казахстан, Z05G9D1, город Астана, район Есиль, проспект Туран, дом 18, офис 405/1. |
| **3.** | **ФЕДЕРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ** | **ПРЕДМЕТ И ЦЕЛИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ФЕДЕРАЦИИ** |
| 3.1. | Федерация қызметінің мақсаттары: | Федерация образована в целях: |
| 3.1.1. | халықаралық спорт қозғалысы және азаматтардың ақпараттық қоғамдағы өмірге | развития и популяризации в Республике Казахстан киберспорта как части |

| | | |
|---|---|---|
| | дайындығы шеңберінде Қазақстан Республикасында киберспортты дамыту және тарату; | международного спортивного движения и подготовка граждан страны к жизни в информационном обществе; |
| 3.1.2. | киберспорт арқылы гуманитарлық, білім беру және мәдени құндылықтарды насихаттау; | пропаганды гуманитарных, образовательных и культурных ценностей посредством киберспорта; |
| 3.1.3. | киберспорт түрлеріне негізделген тәрбиелеудің тиімді формаларын көбейту арқылы жастарды ағарту; | просвещения молодежи посредством тиражирования эффективных форм воспитания на основе киберспорта; |
| 3.1.4. | киберспорт арқылы кемсітушіліктің барлық түрлерінің және зорлық-зомбылықтың көрінісіне қарсы тұру; | противодействия проявлению любых форм дискриминации и насилия посредством киберспорта; |
| 3.1.5. | Федерация мүшелерінің қызметін үйлестіру және оларды осы Жарғыны, Федерацияның ережелерін, қаулыларын немесе шешімдерін бұзуға жол бермеу үшін тиісті шараларды қолдану, сондай-ақ киберспортты дамытуға мүдделі барлық адамдарды ынталандыру және қолдау; | координации деятельности членов Федерации и принятие соответствующих мер для предотвращения нарушений ими настоящего Устава, правил, положений или решений Федерации, а также поощрения и поддержки всех лиц, заинтересованных в развитии киберспорта; |
| 3.1.6. | еспубликалық және халықаралық байланыстарды дамыту және нығайту; | развития и укрепления республиканских и международных связей; |
| 3.1.7. | киберспорт жарыстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ киберспортқа арналған ережелер мен заңдарды әзірлеу және оларды іске асыруды қамтамасыз ету; | организации и проведения киберспортивных состязаний, а также разработки правил и положений для киберспорта и обеспечения их исполнения; |
| 3.1.8. | матчтардың, жарыстардың тұтастығын бұзуға және ойыншылардың (спортшылардың), жаттықтырушылардың, спорт төрешілердің, киберспорт саласындағы басқа да мамандардың, серіктестердің және Федерация мүшелерінің абыройын төмендетуге мүмкіндік беретін, сыбайлас жемқорлықты, лауазымдарды асыра пайдалануды, допингті пайдалануды немесе нәтижелерді айла-шарғы жасауды және т.с.с. болдырмау мақсатында әділ ойын ойнау рухын жәнекиберспорттық жарыстар саласындағы этиканы көтермелеу. | поощрения этики в области киберспортивных состязаний и духа честной игры с целью предотвращения методов или практик, таких как коррупция, злоупотребление должностными обязанностями, использование допинга или манипулирование результатами и пр., которые могут поставить под угрозу целостность матчей, соревнований, а также опорочить честь игроков (спортсменов), тренеров, спортивных судей, других специалистов в области киберспорта, партнѐров и членов Федерации. |
| 3.2. | Федерацияның қызметінің мәні: | Предметом деятельности Федерации является: |
| 3.2.1. | Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға киберспорттыдамыту бағдарламасын әзірлеу және ұсыну; | разработка и представление в уполномоченный орган в области физической культуры и спорта программы развития киберспорта в Республике Казахстан; |
| 3.2.2. | спорттық іс-шаралардың Бірыңғай республикалық күнтізбесін қалыптастыруға және өткізуге қатысу, сондай-ақ заңнамамен белгіленген тәртіпте киберспорт бойынша республикалық және халықаралық чемпионаттарды, біріншіліктерді, кубоктар мен басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу; | участие в формировании и реализации Единого республиканского календаря спортивно-массовых мероприятий, а также организация и проведение республиканских и международных чемпионатов, первенств, кубков и иных мероприятий по киберспорту в установленном законодательством порядке; |

| | | |
|---|---|---|
| 3.2.3. | киберспорт бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық спорттық байланыстарын дамытуға, оның ішінде мемлекеттің құрама командасының ресми халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етуге жәрдемдесу; | содействие развитию международных спортивных связей Республики Казахстан по киберспорту, в том числе обеспечение участия сборной команды страны на официальных международных соревнованиях; |
| 3.2.4. | киберспорт бойынша спорттық дәрежелер мен атақтар беру тәртібін, нормаларын, талаптарын, шарттарын әзірлеуге қатысу,олардың Қазақстан Республикасының Спорттық жіктемесіне енуіне жәрдемдесу; | участие в выработке норм, требований, условий и порядка присвоения спортивных разрядов и званий по киберспорту, содействие включению их в Спортивную классификацию Республики Казахстан; |
| 3.2.5. | кадр саясатын қамтамасыз ету – судьяларды даярлау жүйесін ұйымдастыру, оларды аттестациялау және олардың қызметін бақылау; атаулар менбіліктілік тағайындау үшін спортшыларды, жаттықтырушылар мен спорт төрешілерін іріктеу және ұсыну, сондай-ақ кадрларды даярлау және қайта даярлау мәселелері бойынша білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық; | обеспечение кадровой политики – организация системы подготовки судей, их аттестация и контроль за их деятельностью; отбор и представление спортсменов, тренеров и спортивных судей на присвоение званий и квалификаций, а также сотрудничество с образовательными организациями по вопросам подготовки и переподготовки кадров; |
| 3.2.6. | киберспорт бойынша спорттық-бұқаралық шаралардың Бірыңғай республикалық күнтізбесінің республикалық және халықаралық чемпионаттар, біріншіліктер, кубоктар және басқа да іс-шараларды заңмен белгіленген тәртіптеұйымдастыру және өткізу; | организация и проведение республиканских и международных чемпионатов, первенств, кубков и иных мероприятий по киберспорту Единого республиканского календаря спортивно-массовых мероприятий в установленном законодательством порядке; |
| 3.2.7. | Қазақстан Республикасының халықаралық спорттық қозғалысқа қатысуы, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Дүниежүзілік допингке қарсы агенттікпен ынтымақтастықты қамтамасыз ету; | обеспечение участия Республики Казахстан в международном спортивном движении, в том числе взаимодействие с Всемирным антидопинговым агентством в соответствии с законодательством Республики Казахстан; |
| 3.2.8. | ұлттық құраманы қалыптастыру және оны киберспорт бойынша ресми халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету; | формирование сборной страны и обеспечение её участия на официальных международных соревнованиях по киберспорту; |
| 3.2.9. | киберспорт бойынша спорттық атақтар мен дәрежелерді табыстауға қатысу; | участие в присвоении спортивных разрядов и званий по киберспорту; |
| 3.2.10. | киберспорт бойынша спорттық дайындық пен жарыстар процесін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасында киберспорттың материалдық-техникалық базасын дамытуға көмек көрсету; | содействие развитию в Республике Казахстан материально-технической базы киберспорта для реализации процесса спортивной подготовки и проведения соревнований по киберспорту; |
| 3.2.11. | мамандандырылған спорт мекемелерінде, спорт клубтарында және киберспортты дамытатын басқа ұйымдарда киберспортты ұйымдастырушылық және әдістемелік колдау; | организационная и методическая поддержка киберспорта в специализированных спортивных учреждениях, спортивных клубах и иных организациях, развивающих киберспорт; |
| 3.2.12. | киберспорт арқылы мүгедектерді оңалту және оңалту,денсаулығы шектеулі адамдар үшін киберспорт жарыстарын өткізудің | поддержка инклюзивных организационных форм проведения соревнований по киберспорту для лиц с ограниченными |

| | | |
|---|---|---|
| | инклюзивті ұйымдастырушылық нысандарын қолдау; | возможностями физического здоровья, абилитация и реабилитация инвалидов посредством киберспорта; |
| 3.2.13. | киберспорт бойынша республикалық және халықаралық спорт жарыстарын өткізу, Федерация спортшыларының республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету; | проведение республиканских и международных спортивных соревнований по киберспорту, обеспечение участия спортсменов Федерации в республиканских и международных соревнованиях; |
| 3.2.14. | дене шынықтыру-спорттық мерекелерді және спорттық-бұқаралық шараларды және басқа ойын-сауық іс-шараларын өткізу; Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте киберспортты тарату және дамыту мақсатында байқаулар, семинарлар, симпозиумдар, дәрістер, концерттер, көрмелер, жәрмеңкелер, аукциондар ұйымдастыру және өткізу; | проведение физкультурно-спортивных праздников и иных спортивно-массовых и зрелищных мероприятий; организация и проведение конкурсов, семинаров, симпозиумов, лекций, концертов, выставок, ярмарок, аукционов в порядке, установленном действующим законодательством Республики Казахстан, в целях популяризации и развития киберспорта; |
| 3.2.15. | Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес киберспортты дамыту және тарату үшін қажетті киберспортқа арналған бағдарламаларды, аудиовизуалды туындыларды көпшілік алдында көрсетуді, тасымалдаудың кез келген түрлеріндегі аудиовизуалды туындыларды және фонограммаларды таратуға және шығаруға жәрдемдесу. | создание трансляций и телевизионных программ по киберспорту, содействие публичному показу аудиовизуальных произведений, распространению и воспроизведению (изготовлению экземпляров) аудиовизуальных произведений и фонограмм на любых видах носителей, необходимых для практического освоения, популяризации и развития киберспорта, в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан. |
| 3.3. | Федерация сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған және оның құрылтай құжаттарымен көзделген Федерация қызметінің мақсаттарына сәйкес келетін өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады. | Федерация осуществляет также иные виды деятельности, не запрещенные законодательством Республики Казахстан и соответствующие целям деятельности Федерации, которые предусмотрены ее учредительными документами. |
| 3.4. | Федерация өзінің жарғылық мақсатына жету үшін Қазақстан Республикасыннық заңдарына сәйкес өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруға құқылы. Федерация кәсіпкерлік қызметінен алған табыстар мен шығындарды есепке алады. | Федерация для достижения своих уставных целей в соответствии с законодательством Республики Казахстан вправе также осуществлять предпринимательскую деятельность лишь постольку, поскольку это соответствует его уставным целям. Федерация ведет учет доходов и расходов по предпринимательской деятельности. |
| **4.** | **МҮШЕ БОЛУ, МҮШЕЛІККЕ ҚАБЫЛДАНУ МЕН ОДАН ШЫҒУДЫҢ ШАРТЫ МЕН ТӘРТІБІ, ФЕДЕРАЦИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ** | **ЧЛЕНСТВО, УСЛОВИЕ И ПОРЯДОК ПРИОБРЕТЕНИЯ И УТРАТЫ ЧЛЕНСТВА, ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ЧЛЕНОВ ФЕДЕРАЦИИ** |
| 4.1. | Қазақстан Республикасының азаматтары және (немесе), саяси партияларды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер қоғамдық Федерацияның мүшелері (қатысушылары), сондай-ақ Федерацияның принциптері мен мақсаттарын бөлісетін және осың | Членами (участниками) Федерации могут быть граждане Республики Казахстан и (или) юридические лица - общественные объединения (за исключением политических партий), а также лица без гражданства и иностранные граждане, разделяющие принципы и цели Федерации и признающие |

| | | |
|---|---|---|
| | Жарғысын мойындайтын азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдік азаматтар бола алады. | настоящий Устав. |
| 4.2. | Федерацияға мүше болу ерікті түрде. | Членство в Федерации добровольное. |
| 4.3. | Мүшеліктен шығарып жіберуге Федерация Бас хатшының атына жазылған жазбаша өтініші негіз бола алады және ол бойынша Федерацияның Бас хатшысының шешімі шығарылады. | Основанием для приобретения членства Федерации является письменное заявление на имя Генерального секретаря и его последующее решение. |
| 4.4. | Мүшеліктен шығару Федерацияның Бас хатшының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Мүшеліктен шығару келесі жағдайларда жүзеге асырылады: | Исключение из членства производится по решению Генерального секретаря в случаях: |
| 4.4.1. | Федерация Жарғысының және Федерациясының тәртіптік ережелерін бұзса; | нарушения Устава и регламентирующих документов Федерации; |
| 4.4.2. | Федерацияның басқару органдары шешімдерінің уақытылы орындалмауы (орындалмауына пара-пар); | несвоевременное исполнение (равно как и неисполнение) решений органов управления Федерации; |
| 4.4.3. | Федерация мен Халықаралық киберспорт федерациясы (International e-Sports Federation), Халықаралық Олимпиядалық Комитеті және Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиядалық Комитеті ережелерін, нормаларын, регламенттік актілердің (құжаттардың, кодекстердің және т.б.) тәртіптерін өрескел түрде бұзса; | нарушения, неисполнения положений Устава, правил, норм, положений регламентирующих актов (документов, кодексов и т.д.) Федерации, Международной федерации киберспорта (International e-Sports Federation), Международного олимпийского комитета, Национального олимпийского комитета Республики Казахстан; |
| 4.4.4. | спортшылар, жаттықтырушылар және мамандар Федерацияның қызметі мен абыройына және Қазақстан Республикасының спорттық беделіне нұқсан келтіретін әдепке жат қылықтар жасаса; | совершения действий, наносящих ущерб деятельности и репутации Федерации, Конфедерации и спортивному престижу Республики Казахстан; |
| 4.4.5. | Федерация қабылдау, мүшелік және басқа жарналардың төленбеуі немесе дер кезінде төленбегенін анықтаса. | невнесения либо несвоевременного внесения вступительных, членских и иных взносов в случае их установления Федерацией. |
| 4.5. | Федерация мүшелерінің құқықтары: | Права членов Федерации: |
| 4.5.1. | Федерация тарапына өткізілетін барлық шараларға белсенді түрде қатыса алады; | принимать активное участие во всех мероприятиях, проводимых Федерацией; |
| 4.5.2. | Федерацияның қызметі туралы қажетті ақпараттар ала алады; | получать необходимую информацию о деятельности Федерации; |
| 4.5.3. | Федерация арқылы орталықтандырылған түрде бөлінетін құрылғыларды, киім-кешектерді, құрал-жабдықтарды, сондай-ақ басқа да мүліктерді ала алады; | приобретать централизованно распределяемое через Федерацию оборудование, экипировку, инвентарь, а также иное имущество; |
| 4.5.4. | Федерацияның басшылық және басқа да органдарын сайлай және оған сайлана алады; | избирать и быть избранным в органы управления Федерации; |
| 4.5.5. | Федерацияның басшылық органдарының қарауына жазбаша түрде ұсыныстар жасай алады; | вносить предложения в письменном виде на рассмотрение руководящих органов Федерации; |
| 4.5.6. | Федерация мен оның филиалдарының (өкілдіктерінің) жұмыстарына белсене | активно участвовать в работе Федерации и её филиалов (представительств); |

| | | |
|---|---|---|
| | қатыса алады; | |
| 4.5.7. | Федерацияның мүшелері құрамынан шығуға құқылы. | выйти из состава членов Федерации. |
| 4.6. | Федерация мүшелерінің міндеттері: | Обязанности членов Федерации: |
| 4.6.1. | Осы Жарғының ережелері, Федерацияның ішкі тәртіпті реттейтін құжаттарды (құжаттар, бұйрықтар және т.б) мен Федерацияның басқарма органдарының шешімдерін бұлжытпай орындауға; | неукоснительно выполнять положения настоящего Устава, внутренних регламентирующих актов Федерации (документы, приказы и т.д.) и решения органов управления Федерации; |
| 4.6.2. | Бас хатшысына өз қызметі бойынша есеп беру (жыл сайын және (немесе) тоқсан сайын); | предоставлять Генеральному секретарю отчеты о своей деятельности (ежегодно и (или) ежеквартально); |
| 4.6.3. | қабылдау, мүшелік және Федерация белгілеген жағдайда басқа да жарналарды төлеу; | уплачивать вступительные, членские и иные взносы, в случае их установления Федерацией; |
| 4.6.4. | Президиум құрамын сайлау (қайта сайлау), Бас хатшыны, ревизиялық комиссияны (құзыретінің мерзімін создыру) тағайындау және (немесе) осы Жарғыға өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту туралы сұрақтар шешілетін Конференция отырыстарына міндетті түрде қатысу. | присутствовать в обязательном порядке на заседаниях Конференции, где решается вопрос об избрании (переизбрании) состава Президиума, назначении (продлении срока полномочий) Генерального секретаря, ревизионной комиссии и (или) о внесении изменений (или) дополнений в настоящий Устав или утверждения его в новой редакции. |
| 4.7. | Федерацияның бір де бір мүшесі ешқандай түрде, ешбір уақытта Федерацияны таныта алмайды, немесе Федерацияның атынан іс-әрекет ете алмайды, тек алдын-ала Президиумнің немесе Бас хатшысының жазбаша рұқсаты болған жағдайда, мұндай өкілдік етуге және іс-әрекетке берілген рұқсат қатаң түрде сақталады. | Ни один из членов Федерации не имеет права представлять Федерацию каким бы то ни было образом или действовать от имени Федерации в какое бы ни было время, за исключением тех случаев, когда такое представление или действие заранее разрешено в письменной форме Президиумом или Генеральным секретарем при условии, что такое представление или действие строго соответствуют выданному разрешению. |
| 4.8. | Федерациядағы мүшеліктің пайда болуы, өзгеруі мен тоқтауы Федерация мүшелерінің тізілімінде сәйкес жазбалар негізінде жүзеге асырылады. Бұл тізілімді жүргізу Бас хатшының құзыретіне кіреді. | Возникновение, изменение и прекращение членства в Федерации осуществляется на основании соответствующих записей в реестре членов Федерации. Ведение данного реестра относится к компетенции Генерального секретаря. |
| 4.9. | Конференцияда дауыс беру құқығынсыз және Федерацияның басқару органдарына сайлану құқығынсыз мүшелік түрлері Федерацияда енгізілуі мүмкін. | В Федерации могут вводиться иные формы членства без права голосования на Конференции и без права избрания в органы управления Федерации. |
| **5.** | **ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ (ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІНІҢ) ЖӘНЕ ӨЗІНІҢ ҚЫЗМЕТІН АТҚАРАТЫН АЙМАҒЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ** | **ОРГАНИЗАЦИОННАЯ СТРУКТУРА ФЕДЕРАЦИИ, ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ СТРУКТУРНЫХ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ (ФИЛИАЛОВ И ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВ) И ТЕРРИТОРИИ, В ПРЕДЕЛАХ КОТОРЫХ ОНИ ОСУЩЕСТВЛЯЮТ СВОЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ** |
| 5.1. | Федерацияның ұйымдастырушылық | В организационную структуру Федерации |

| | | |
|---|---|---|
| | құрылымына басқару органдары, құрылымдық бөлімшелері – филиалдары мен өкілдіктері кіреді. | входят органы управления, структурные подразделения – филиалы и представительства. |
| 5.2. | Федерацияның құрылымдық бөлімшелері – Филиалдар мен Өкілдіктер, Федерация тарапынан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, аумақтық белгісі бойынша құрылады. | Структурные подразделения Федерации – филиалы и представительства, создаются Федерацией в соответствии с законодательством Республики Казахстан по территориальному признаку. |
| 5.3. | Федерацияның құрылымдық бөлімшелері – филиалдарының мен өкілдіктерінің құқықтық жағдайы мен құзыреттілігі Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңдарымен, сондай-ақ Федерацияның осы Жарғысымен және филиал немесе өкілдік туралы тиісті Ережемен анықталады. Құрылымдық бөлімшелердің – Федерацияның филиалдарының немесе өкілдіктерінің басшыларын сайлау тәртібі – филиал немесе өкілдік туралы Ережемен анықталады. | Правовое положение и компетенция структурных подразделений - филиалов и представительств Федерации, определяется законами Республики Казахстан «О некоммерческих организациях», «Об общественных объединениях», а также настоящим Уставом Федерации и соответствующим Положением о филиале или представительстве. Порядок избрания руководителей структурных подразделений – филиалов или представительств Федерации - определяется Положением о филиале или представительстве. |
| 5.4. | Федерацияның басқару органдары мыналар болып табылады: | Органами управления Федерации являются: |
| 5.4.1. | басқарудың ең жоғарғы органы – Конференция; | высший орган управления - Конференция; |
| 5.4.2. | бақылау органы – Президиум; | наблюдательный орган – Президиум; |
| 5.4.3. | жеке-дара атқарушы тұрақты жұмыс істейтін органы – Бас хатшы; | постоянно действующий единоличный исполнительный орган – Генеральный секретарь; |
| 5.4.4. | тексеру органы – Ревизиялық комиссия. | контрольный орган – Ревизионная комиссия |
| 5.5. | Басқару органдарының өкілеттіктері, оларды сайлау (тағайындау) процедуралары, сондай-ақ шешім қабылдау тәртібі осы Жарғымен анықталады. | Полномочия органов управления, процедуры их избрания (назначения), а также порядок принятия ими решений определяются настоящим Уставом. |
| 5.6. | Федерацияда келесідей құрметті атақтар енгізілуі мүмкін: Федерацияның Құрметті Президенті және Федерацияның Құрметті Төрағасы. | В Федерации могут вводиться почетные должности: Почетный Президент Федерации и Почетный Председатель Федерации |
| **6.** | **КОНФЕРЕНЦИЯ ЖОҒАРЫ БАСҚАРУ ОРГАНЫ РЕТІНДЕ** | **КОНФЕРЕНЦИЯ КАК ВЫСШИЙ ОРГАН УПРАВЛЕНИЯ** |
| 6.1. | Конференцияның ерекше құзыретіне: | К исключительной компетенции Конференции относятся вопросы: |
| 6.1.1. | осы Жарғын қабылдау, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе осы Жарғысын жаңа редакцияда бекіту; | принятия, внесения изменений и дополнений в настоящий Устав или утверждение настоящего Устава в новой редакции; |
| 6.1.2. | Федерацияны ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату; | добровольной реорганизации и ликвидации Федерации; |
| 6.1.3. | Федерацияның басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, оларды құру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін айқындау; | определения компетенции, организационной структуры, порядка формирования и прекращения полномочий органов управления Федерации; |
| 6.1.4. | атқарушы органдардың қаржы есептемесін | определения порядка и периодичности |

табыс етуінің тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу тәртібін және олардың нәтижелерін бекітуді айқындау;

представления финансовой отчетности исполнительных органов, а также порядка проведения проверки контрольным органом и утверждения их результатов;

6.1.5. заң актілерінде белгіленген шекте Федерацияның басқа заңды тұлғаларды, өз филиалдары мен өкілдіктерін құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау:

принятия в пределах, установленных законодательными актами, решения об участии Федерации в создании или деятельности других юридических лиц, своих филиалов и представительств;

6.1.6. Федерация мүшелерінің кіру, мүшелік, мерзімдік және мақсатты жарналарын төлеу тәртібі мен (немесе) мөлшерін анықтау мәселелері жатады;

установление размеров и порядка уплаты вступительных, членских, периодических и (или) целевых взносов членов Федерации.

6.2. Конференция қажеттілік шамасында шақырылады.

Конференция созывается по мере необходимости.

6.3. Конференцияның кезектен тыс шақырылуы Федерация Президиумның, Бас хатшысының шешімі бойынша немесе Бас хатшысының алдына осы мәселені қоятын, не Конференцияны тікелей шақыратын Федерацияның мүшелерінің көпшілік бастамасы негізінде шақырылуы мүмкін.

Внеочередной созыв Конференции возможен по решению Президиума, Генерального секретаря или по инициативе большинства членов Федерации, которые ставят подлежащий рассмотрению вопрос перед Генеральным секретарем или созывают Конференцию непосредственно.

6.4. Конференцияны өткізу орны және ойланған күн тәртібі Бас хатшысының ұсынуымен Президиумның шешімімен белгіленеді.

Дата, место проведения Конференции и предполагаемая повестка дня определяется решением Президиума по представлению Генерального секретаря.

6.5. Болатын Конференция туралы Федерацияның барлық мүшелері Конференцияны өткізуге дейін 14 (он төрт) күн бұрын мәлімделеді. Федерация өзінің мүшелерін бұқара ақпарат құралдары арқылы және (немесе) Федерацияның ғаламтор-дереккөзіне сәйкес ақпаратты орналастыру жолымен мәлімдеуіне құқылы.

Все члены Федерации извещаются опредстоящей Конференции не позднее, чем за 14 (четырнадцать) календарных дней до даты проведения Конференции. Федерация вправе извещать членов Федерации через средства массовой информации и (или) путем публикации соответствующей информации на интернет-ресурсе Федерации.

6.6. Мүшелердің өкілдерінің кем дегенде елу пайызының (50%) катысуы (сонымен қатар қашықтан ақпараттық-коммуникациялық технологиялады қолдана отыра) барлық максаттар ушин кворумды («Кворум») қурады.

Личное присутствие (в том числе удаленно с использованием информационно-коммуникационных технологий) не менее пятидесяти процентов (50%) членов Федерации или их уполномоченных представителей образуют кворум для всех целей («Кворум»).

6.7. Кворум болмаған жағдайда, өткізілмей қалған жиналыстан кейін 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде, келесі жиналыс шақырылады.

В случае отсутствия Кворума, последующее собрание созывается в течение 7 (семи) календарных дней после несостоявшегося собрания.

6.8. Конференцияда төрағалық қызметті Президент, ал ол болмаған жағдайда - Вице-президент немесе Конференция сайлаған тұлға атқарады.

На Конференциях председательствует Президент, а в случаях его отсутствия — Вице-президент или лицо, избранное Конференцией.

6.9. Шешімі дауытардың үштен екі бөлігін қажет ететін осы Жарғының 6.1.1, 6.1.2, 6.1.3 тармақшаарында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, Конференцияда

Решения Конференции принимаются на основании большинства голосов членов Федерации, присутствующих или представленных на Конференции, за

| | | |
|---|---|---|
| | шешімдер Конференцияға қатысқан немесе ұсынылған Федерация мүшелерінің көпшілік дауыстарының негізінде қабылданады. | исключением вопросов, указанных в подпунктах 6.1.1, 6.1.2, 6.1.3 настоящего Устава, решение по которым требует большинства в две трети таких голосов. |
| 6.10. | Кез келген Конференцияда берілген дауыс саны тепе-тең болса, мүшелердің бір де біреуі шешуші дауысқа ие болмайды. | Ни один из членов Федерации не имеет решающего голоса в случае равного числа голосов на любой Конференции. |
| 6.11. | Даулы мәселелер бойынша берілген дауыс саны тепе-тең болса, дауысқа салу осы жиналыста немесе кешірек, бірақ сол күні өткізілетін басқа жиналыста қайталануы (сондай немесе өзгерген мазмұндағы ресімде) мүмкін. | В случае равного числа голосов, по спорному вопросу может быть проведено повторное голосование (в той же или измененной формулировке) на этом же собрании или на другом собрании, которое может быть проведено позже, но в тот же день. |
| 6.12. | Егер жиналған дауыс саны тепе-тең болса, Бас хатшы өзге шешім қабылдамаған жағдайда, Конференцияда шешімдер ашық түрде қабылданады. | Голосование на Конференции осуществляется открытым способом, если только в случае равенства голосов на Конференции Президентом или лицом, его замещающим, не будет принято другое решение. |
| **7.** | **ПРЕЗИДИУМ** | **ПРЕЗИДИУМ** |
| 7.1. | Конференциялар аралығында Федерацияның басқару органы санын Конференция анықтайтын 4 (төрт) жыл мерзімге сайланатын Президиум болып табылады. | В период между Конференциями руководящим органом Федерации является Президиум, избираемый Конференцией сроком на 4 (четыре) года в количестве, определяемом Конференцией. |
| 7.2. | **Президиум құзыретіне келесі мәселелер жатады:** | **К компетенции Президиума относятся следующие вопросы:** |
| 7.2.1. | міндеттерді орындау тәртібі мен Федерацияның мақсаттарына жетуді бақылау; | контроль за ходом выполнения задач и достижения целей Федерации; |
| 7.2.2. | Бас хатшыға мемлекеттік өкімет органдарымен, үкіметтік емес, қоғамдық және халықаралық және басқа да ұйымдармен өзара әрекет жасауға көмектесу; | содействие Генеральному секретарю во взаимодействии с органами государственной власти, неправительственными, общественными и международными и иными организациями; |
| 7.2.3. | Федерацияның қызметінің басым бағытын анықтау; | определение приоритетных направлений деятельности Федерации; |
| 7.2.4. | бас хатшының лауазымдық жалақысының көлемін, еңбек өтеу жағдайларын және сыйлықақы беруді анықтау; | определение размера должностного оклада и условий оплаты труда и премирования Генерального секретаря; |
| 7.2.5. | Конференцияны шақыру, оны жүргізу нысаны, күн тәртібін бекіту, оны өткізу уақыты мен орны туралы шешімдер қабылдау; | принятие решений о созыве Конференции, о форме ее проведения, утверждение повестки дня, сроков и месте ее проведения; |
| 7.2.6. | сәйкес жылға Федерацияның бюджетін бекіту; | утверждение бюджета Федерации на соответствующий год; |
| 7.2.7. | Федерацияның бейнелеме, мөрлер, мөртаңбалар және басқа да белгілерін бекіту; | утверждение образцов символики, печатей, штампов и другой атрибутики Федерации; |
| 7.2.8. | Федерация марапаттарының сипаты мен оларды қолға беру тәртібін бекіту; | утверждение описания наград Федерации и порядка их вручения; |

| | | |
|---|---|---|
| 7.2.9. | Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитетінің, Халықаралық Олимпиада Комитетінің, сондай-ақ, уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың алдында құрметті атақ мен сыйақы беру туралы өтініш беру туралы шешімдер қабылдау; | принятие решений о ходатайстве о присвоении почетных званий и наград перед Национальным олимпийским комитетом Республики Казахстан, Международным Олимпийским Комитетом, а также уполномоченными государственными органами и организациями. |
| 7.3. | Президиум отырысы қажетінш өткізіледі. | Заседания Президиума проводятся по необходимости. |
| 7.4. | Шешімдер Президиум отырысына қатысқан мүшелердің қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады. Егер дауыстар тең болса, Президент дауысы, ол болмаған жағдайда Вице-президенттің дауысы шешуші болып табылады. Сырттай дауыс беру бюлетенін қолдану арқылы сырттай дауыс беруді өткізуге жол беріледі. | Решения принимаются простым большинством голосов присутствующих на заседании Президиума членов. В случае равенства голосов голос Президента, а в случае его отсутствия Вице-президента, является решающим. Допускается проведение заочного голосования с использованием бюллетеней заочного голосования. |
| 7.5. | Президиум отырыстарында төрағалық қызметті Президент, ал ол болмаған жағдайда - Вице-президент атқарады. | На заседаниях Президиума председательствует Президент, а, в случаях его отсутствия, Вице-президент. |
| 7.6. | Бас хатшы лауазымы бойынша Президиум хатшысы болып табылады. Бас хатшы Президиумның жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ, Президиум хаттамасын жүргізеді, сырттай дауыс беруді ұйымдастырады. | Генеральный секретарь по должности является секретарем Президиума. Генеральный секретарь организует работу Президиума, в том числе ведет протокол Президиума, а также обеспечивает проведение заочного голосования. |
| 7.7. | Президиум отырысына дауыс беру құқығына ие болмайтын Федерация қызметкерлері шақыра алынады. | На заседания Президиума могут приглашаться работники Федерации, которые не обладают правом голоса. |
| 7.8. | Президиум мүшелері Президиум жұмыстарына өздері қатысады. Дауыс беру құқығын тапсыруға, сонымен қатар, басқа тұлғалардың дауыс беруіне рұқсат етілмеген. | Члены Президиума участвуют в работе Президиума лично. Передача права голоса, как и голосование за других лиц, не допускаются. |
| 7.9. | Президиумде жұмыс ақысыз түрде жүзеге асырылады. | Работа в Президиуме осуществляется на безвозмездной основе. |
| 7.10. | **Президент Президиумнің жұмысын басқарады, ұйымдастырады және Федерация қызметін басқарады:** | **Президент возглавляет и организует работу Президиума, а также руководит деятельностью Федерации:** |
| 7.10.1. | Федерацияның атынан сенімхатсыз әрекет етеді, сондай-ақ, мемлекеттік, қоғамдық, халықаралық және басқа да ұйымдар және жеке тұлғалармен қатынастарда Федерацияның мүддесін қорғайды | без доверенности действует от имени Федерации, в том числе представляет интересы Федерации в отношениях с государственными, общественными, международными и иными организациями и физическими лицами |
| 7.10.2. | Сенімхаттар береді, сонымен қатар, үшінші тұлғалар алдында өкілі болу құзыреттері берілетін тұлғаларды анықтайды; | выдает доверенности, а также определяет круг лиц, которым предоставляются полномочия для представительства перед третьими лицами; |
| 7.10.3. | Осы Жарғымен Конференцияның, Бас хатшының немесе Ревизиялық комиссияның айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, | осуществляет в рамках действующего законодательства любые другие действия, необходимые для достижения целей и выполнения задач Федерации, за |

| | | |
|---|---|---|
| | қолданыстағы заңнамалар шегінде Федерацияның мақсаттарына жету және міндеттерін орындау үшін қажет кез келген әрекеттерді жүзеге асырады | исключением тех, которые в соответствии с настоящим Уставом отнесены к исключительной компетенции Конференции, Генерального секретаря или Ревизионной комиссии. |
| 7.11. | Президент өзінің уәкілетінің бөлігін Президиумның басқа мүшелеріне тапсыруға (делегат беуге) құқылы. | Президент вправе передать (делегировать) часть своих полномочий другим членам Президиума. |
| 7.12. | Вице-президенттер Конференцияда сайланады, және Президенттің міндетін ол болмаған жағдайда сәйкесінше орындайды. | Вице-президенты избираются на Конференции и исполняют обязанности Президента в период его отсутствия, соответственно. |
| 7.13. | **Вице-президенттер:** | **Вице-президенты:** |
| 7.13.1. | Президент ұсынған қызмет аясына жауап береді; | отвечают за сферу деятельности, порученную им Президентом; |
| 7.13.2. | Президент және Президиумның тапсырмаларын орындайды; | выполняют поручения Президента и Президиума; |
| 7.13.3. | Федерация мүддесіне барлық мүдделі тұлғалармен арақатынаста сенімхатсыз уәкіл болады. | представляют интересы Федерации во взаимоотношениях со всеми заинтересованными лицами без доверенности. |
| 7.13.4. | Конференция және Президенттің шешімі бойынша басқа да уәкілетікке ие болады. | наделяются по решению Конференции и Президента иными полномочиями. |
| **8.** | **БАС ХАТШЫ** | **ГЕНЕРАЛЬНЫЙ СЕКРЕТАРЬ** |
| 8.1. | Бас хатшы Федерацияның тұрақты жеке атқарушы органы болып табылады және оның қызметіне ағымдағы басшылықты атқарады. | Генеральный секретарь является постоянно действующим единоличным исполнительным органом Федерации и осуществляет текущее руководство ее деятельностью. |
| 8.2. | Бас хатшыны Конференция 4 (төрт) жыл мерзімге сайлайды және ол өзінің қызметінде Конференция және Президиум алдында жауапты. | Генеральный секретарь назначается Конференцией сроком на 4 (четыре) года и в своей деятельности подотчетен Конференции и Президиуму. |
| 8.3. | Бас хатшының құзіретіне Федерация қызметінің мәселелері бойынша Осы Жарғымен Конференцияның және Президиумның айрықша құзыретіне кірмейтін шешімдерді талқылау және қабылдау жатады. | К компетенции Генерального секретаря относится рассмотрение и принятие решений по вопросам деятельности Федерации, которые не входят в соответствии с настоящим Уставом в исключительную компетенцию Конференции и Президиума. |
| 8.4. | **Бас хатшы:** | **Генеральный секретарь:** |
| 8.4.1. | Федерацияның мүддесінде және оның атынан Қазақстан Республикасының аймақтарында және одан тысқары сенімхатсыз әрекет етеді; | без доверенности действует в интересах и от лица Федерации на всей территории Республики Казахстан и за ее пределами; |
| 8.4.2. | Федерацияның қызметіне ағымдағы басшылықты атқарады. | осуществляет текущее руководство деятельностью Федерации; |
| 8.4.3. | Федерация атынан келісімдерді және Федерацияның негізгі қызметіне байланысты басқа да құжаттарға қол қояды (қабылдайды); | заключает (принимает) от имени Федерации договоры и иные документы, связанные с основной деятельностью Федерации; |
| 8.4.4. | Мемлекеттік органдар және басқа да ұйымдармен қатынастарда Федерацияның мүддесін қорғайды: | представляет интересы Федерации и осуществляет взаимодействие с государственными органами и иными |

| | | |
|---|---|---|
| | | организациями; |
| 8.4.5. | Федерацияның штаттық кестесін құрастырады және бекітеді; | формирует и утверждает штатное расписание Федерации; |
| 8.4.6. | Федерация жұмысын ұйымдастырады, лауазымдық жалақы мөлшерін бекітеді, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына сай қызметкерлерді жұмысқа алу және жұмыстан шығаруды жүзеге асыралы, оларға қатысты ынталандыру және тәртіптік жаза қолдану шараларын қабылдайды; | организует работу Федерации, утверждает размеры должностных окладов, осуществляет прием на работу и увольнение сотрудников в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан, принимает в отношении них меры поощрения или дисциплинарного взыскания; |
| 8.4.7. | банктерде шот ашады, Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сай бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есепті құрастыруды ұйымдастырады; | открывает счета в банках, организует ведение бухгалтерского учета и составление финансовой отчетности в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан; |
| 8.4.8. | Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына және осы Жарғыға сай Федерацияның қаржылары мен мүліктерін басқарады; | распоряжается средствами и имуществом Федерации в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан и настоящим Уставом; |
| 8.4.9. | Федерация мүшелерінің тізілімін жүргізуді басқарады; | организует ведение реестра членов Федерации; |
| 8.4.10. | Федерация қызметін ұйымдастыру мақсатында ішкі құжаттамаларды бекітеді; | утверждает внутренние документы в целях организации деятельности Федерации; |
| 8.4.11. | Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда тыйым салынбаған басқа да қызметтерді орындайды. | осуществляет иные функции, не запрещенные законодательством Республики Казахстан и настоящим Уставом. |
| 8.5. | Бас хатшы өзінің уәкілетінің бөлігін басқа лауазымды тұлғаларға және (немесе) Федерация қызметкерлеріне тапсыруға (делегат беуге) құқылы. | Генеральный секретарь вправе передать (делегировать) часть своих полномочий другим должностным лицам и (или) работникам Федерации. |
| **9.** | **РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯ** | **РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ** |
| 9.1. | Ревизиялық комиссия Федерацияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру, есеп және есептеу жағдайын тексеру және шығындар сметасын орындау мақсатында құрылады. | Ревизионная комиссия создается в целях контроля за финансово-хозяйственной деятельностью Федерации, проверки состояние учета и отчетности, исполнения сметы расходов. |
| 9.2. | Конференция ревизиялық комиссияға 3 (үш) адамды 4 (төрт) жыл мерзімге сайлайды. Федерацияның басқарушы және атқарушы органдарының мүшелепі ревизиялық комиссия мүшелері бола алмайды. | Ревизионная комиссия избирается Конференцией в количестве 3 человек сроком на 4 (четыре) года. Членами ревизионной комиссии не могут быть члены руководящих и исполнительных органов Федерации. |
| 9.3. | Ревизиялық комиссия мүшесі кез келген уақытта Федерацины жазбаша түрде ескертіп өз еркімен уәкілдігінен бас тартуға құқылы. | Член Ревизионной комиссии вправе в любое время добровольно сложить свои полномочия, известив об этом письменно Федерацию. |
| 9.4. | Ревизиялық комиссия мүшелері қоғамдық негіздерде әрекет етеді. Конференция шешімі бойынша Ревизиялық комиссия мүшелеріне өздерінің міндеттерін орындаумен байланысты шығындар өтелуі мүмкін. | Члены Ревизионной комиссии действуют на общественных началах. По решению Конференции членам Ревизионной комиссии могут компенсироваться расходы, связанные с исполнением ими своих обязанностей. |

| | | |
|---|---|---|
| 9.5. | Ревизиялар жылына кем дегенде бір рет жүргізілуі керек, Ревизиялық комиссия өзінің жұмысы туралы есепті Конференцияның қарауына тапсырады. | Ревизии должны проводиться не реже одного раза в год, отчеты о своей работе Ревизионная комиссия представляет на рассмотрение Конференции. |
| **10.** | **ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ** | **ТРУДОВОЙ КОЛЛЕКТИВ** |
| 10.1. | Бас хатшы, сондай-ақ сенімхатпен немесе басқа тиісті негізбен уәкілетті тұлға еңбек шарттарының негізінде қызметкерлерді жалдауға құқылы. | Генеральный секретарь, а также лицо, уполномоченное доверенностью или иным соответствующим основанием, вправе осуществлять наем работников на основе трудовых договоров. |
| 10.2. | Бас хатшы Федерацияның атынан жұмыс берушінің барлық құқықтарын жүзеге асырады және барлық міндеттерін атқарады. | Генеральный секретарь осуществляет все права и исполняет все обязанности работодателя от имени Федерации. |
| 10.3. | Федерация қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған барлық әлеуметтік-экономикалық құқықтардың берілетіндігіне кепілдік береді. | Федерация гарантирует предоставление работникам всех социально-экономических прав, определяемых законодательством Республики Казахстан. |
| 10.4. | Федерация еңбекақы төлеу нысаны мен жүйесін дербес анықтайды, еңбек шарттарында тарифтік мөлшерлемелер мен жалақылардың мөлшерін қарастырады, мұнда ақша төлемдерінің кепілдікті ең төменгі шамаларын жұмыскерлер мен сәйкес білікті мамандардың жалақысының ең төменгі кепілдігі ретінде қарастырады. | Федерация самостоятельно определяет формы и систему оплаты труда, предусматривает в трудовых договорах размеры тарифных ставок и окладов, рассматривая при этом гарантированные минимумы денежных выплат как минимальную гарантию оплаты труда работников и специалистов соответствующей квалификации. |
| **11.** | **ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ** | **КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ** |
| 11.1. | Федерация мүшелерінің бір-біріне және Федерацияға берілген коммерциялық құндылыққа ие барлық ақпарат, құжат және басқа мәліметтер, олардың жазбаша немесе басқаша болуына қарамастан, құпия деп саналады және де, осын Жарғына сәйкес міндеттерді орындауы арқылы оның қызметін қамтамасыз ететін Федерацияда істейтін немесе оның мүшесі болатын адамдардан өзге, үшінші тұлғаларға берілмейді. | Вся предоставляемая членами Федерации друг другу, а также Федерации информация, документация и другие сведения, обладающие коммерческой ценностью, независимо от того, выражены ли они в письменной форме или нет, считается конфиденциальной и не может быть передана третьим лицам за исключением лиц, работающих в Федерации или членам Федерации и только если это необходимо для выполнения этими лицами своих обязанностей по обеспечению деятельности в соответствии с настоящим уставом. |
| 11.2. | Федерацияның барлық мүшелері және Федерация көрсетілген ақпаратты толық немесе жартылай жариялауға немесе оларды басқаларға таныстыруға жол бермеу үшін барлық қажетті және байыпты шараларды қабылдайды. | Члены Федерации и Федерация примут все необходимые и разумные меры, чтобы предотвратить полное или частичное разглашение указанной информации или ознакомление с нею третьих лиц. |
| 11.3. | Құпиылылықты сақтау бойынша міндеттер мүшелікті тоқтатқан (жойылған) мерзімнен соң келесі 5 жыл аралығында өзінің күшін сақтап қалады. | Обязательства по сохранению конфиденциальности сохраняют свою силу и после прекращению (утраты) членства в Федерации в течение последующих 5 лет. |
| **12.** | **ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН БАСҚА ДА** | **ИСТОЧНИКИ ФОРМИРОВАНИЯ ДЕНЕЖНЫХ СРЕДСТВ И ИНОГО** |

| | **МҮЛІКТЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КӨЗДЕРІ, МҮЛІКТЕРДІ БАСҚАРУ БОЙЫНША ФЕДЕРАЦИЯ МЕН ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ (ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕРІНІҢ) ҚҰҚЫҚТАРЫ** | **ИМУЩЕСТВА ФЕДЕРАЦИИ, ПРАВА ФЕДЕРАЦИИ И ЕЕ СТРУКТУРНЫХ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ (ФИЛИАЛОВ И ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВ) ПО УПРАВЛЕНИЮ ИМУЩЕСТВОМ** |
|---|---|---|
| 12.1. | Федерацияның ақшалай қаражаттары мен басқа да мүліктерінің қалыптасу көздері болып мыналар табылады: | Источниками формирования денежных средств и иного имущества Федерации являются: |
| 12.1.1. | Федерацияның мүшелерінен түскен түсімдер; | поступления от членов Федерации; |
| 12.1.2. | ерікті мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар; | добровольные имущественные взносы и пожертвования; |
| 12.1.3. | заңдарда белгіленген жағдайларда тауарлар сатудан, жұмыстардан, қызмет көрсетуден түскен түсімдер (кіріс); | поступления (доход) от реализации товаров, работ, услуг в установленных законодательством случаях; |
| 12.1.4. | акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алынған дивидендтер (кірістер, сыйақы (мүдде); | дивиденды (доходы, вознаграждение (интерес), получаемые по акциям, облигациям, другим ценным бумагам и вкладам (депозитам); |
| 12.1.5. | заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер. | другие не запрещенные законом поступления. |
| 12.2. | Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болып табылмайды. Оларға Федерацияның мүлкі иелікке беріледі және мүлікті Филиалдар мен өкілдіктер туралы қағидамен бекітілген негізде және шекте басқарады. Филиалдар мен өкілдіктердің мүлкі жеке балансга және Федерацияның балансында есептеледі. | Филиалы и представительства не являются юридическими лицами. Они наделяются имуществом Федерации и управляют им на основании и в пределах утвержденного Положения о филиале или представительстве. Имущество филиала или представительства учитывается на отдельном балансе и на балансе Федерации. |
| 12.3. | Кіру, мүшелік, мерзімді және (немесе) мақсатты жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін Конференция Федерацияның жарғылық қызметін | Размер и порядок уплаты вступительных, членских, периодических и (или) целевых взносов членов Федерации определяется Конференцией с учетом существующей потребности в обеспечении уставной деятельности Федерации. |
| **13.** | **ФЕДЕРАЦИЯНЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ** | **ПОРЯДОК РЕОРГАНИЗАЦИИ И ЛИКВИДАЦИИ ФЕДЕРАЦИИ** |
| 13.1. | Қайта ұйымдастыру (бірігіп кету, қосылу, бөлініп шығу, бөлшектену, өзгеру) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде қарастырылған тәртіпте жүргізіледі, ал Федерацияны тарату ерікті түрде Конференцияның шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актлерінде қарастырылған негіз бен | Реорганизация (слияние, присоединение, выделение, разделение, преобразование) производится в порядке, предусмотренном Гражданским кодексом Республики Казахстан, а ликвидация Федерации производится добровольно по решению Конференции или принудительно по решению суда на основании и в порядке, предусмотренным Гражданским кодексом Республики Казахстан и другими |

| | | |
|---|---|---|
| | тәртіпте соттың шешімі бойынша күштеп жүргізіледі. | законодательными актами Республики Казахстан. |
| 13.2. | Федерацияны қайта ұйымдастыру барысында барлық құқықтары мен міндеттері Федерацияның мұрагеріне(-леріне) беріледі. Қосылу нысанындағы қайта ұйымдастырудан басқа кезде, жаңадан пайда болған ұйымды мемлекеттік тіркеуден өткізген кезден бастап, Федерация қайта ұйымдастырылған болып есептелінеді. | При реорганизации Федерации все права и обязанности переходят правопреемнику (-кам) Федерации. Федерация считается реорганизованной, за исключением случаев реорганизацией в форме присоединения, с момента государственной регистрации вновь возникшей организации. |
| 13.3. | Тарату комиссиясын құру мен оның қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Конференцияның шешімімен реттеліп отырылады. | Порядок формирования и деятельности ликвидационной комиссии регламентируется действующим законодательством Республики Казахстан и решением Конференции. |
| 13.4. | Федерацияны тарату барысында, оның меншіктері мен қаражаттарын сатудан түскен қаржылар, оның мүшелерінің табысы болып табылмайды. Бюджетпен есеп айрысқан және несие берушілердің талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған Федерацияның мүлкі осы Жарғыда көзделген мақсаттарға бағытталады немесе ұқсас мақсаттары мен міндеттері бар басқа ұйымға беріледі. | При ликвидации Федерации ее собственность или средства, полученные от ее реализации, не могут быть обращены в доход ее членов. Оставшееся после расчетов с бюджетом и удовлетворения требований кредиторов имущество Федерации направляется на цели, предусмотренные настоящим Уставом, или передается другой организации с аналогичными целями и задачами. |
| 13.5. | Федерацияның таратылуы аяқталды, ал Федерация өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі. | Ликвидация Федерации считается завершенной, а Федерация прекратившей своѐ существование после внесения об этом записи в Национальный реестр бизнес-идентификационных номеров. |
| **14.** | **ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР** | **ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ** |
| 14.1. | Осы Жарғы Федерация мемлекеттік тіркелген сәттен бастап күшіне енеді. | Настоящий Устав вступает в силу с момента государственной регистрации Федерации. |
| 14.2. | Осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Федерацияның ішкі актілерімен реттеледі. | Все вопросы, неурегулированные настоящим Уставом, регулируются законодательством Республики Казахстан и внутренними актами Федерации. |
| 14.3. | Егер осы Жарғының кайсы бір ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сай жарамсыз, заңсыз немесе орындалмайтын болса, осы жарғаның қалған ережелері өз күшінде болады, ал Конференция жарамсыз, заңсыз немесе орындалмайтын ережелерді шамасынша жарамсыз, заңсыз немесе орындалмайтын болған ережелердің негізіі мен мақсаттарына сай болатын жарамды, заңды және орындалатын ережерге ауыстыруды келістіру керек. | В случае если какое-либо положение настоящего Устава является или станет недействительным, незаконным или неисполнимым в соответствии с законодательством Республики Казахстан, остальные положения настоящего Устава останутся в силе и действии, а Конференция должна согласовать замену недействительных, незаконных или неисполнимых положений действующими, законными или исполнимыми положениями, отвечающими, насколько это возможно, сущности или целям положений, ставших недействительными, незаконными или неисполнимыми. |
| 14.4. | Осы жарғыға өзгертулер және (немесе) | Внесение изменений и (или) дополнений в |

толықтырулар енгізу немесе осы Жарғыны жаңа редакцияда бекіту Конференцияның айрықша құзіретіне жатады. | настоящий Устав или утверждение настоящего Устава в новой редакции является исключительной компетенцией Конференции.

14.5. Осы Жарғыға өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе осы Жарғыны бекіту туралы шешім Конференцияға қатысқан немесе ұсынылған Федерация мүшелерінің дауыстарының кем дегенде үштен екі бөлігімен қабылдануы керек.

Любые изменения и (или) дополнения в настоящий Устав или утверждение настоящего Устава в новой редакции должны приниматься не менее чем двумя третями голосов членов Федерации, присутствующих и представленных на Конференции.

14.6. Осы Жарғыға өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе осы Жарғының жаңа редакциясы оны Конференция бекіткен уақыттан бастап күшіне ие болады және заңмен бекітілген тәртіпте әділет органдарында тіркеледі.

Изменения и (или) дополнения в настоящий Устав или новая редакция настоящего Устава вступают в силу с момента утверждения их Конференцией и подлежат регистрации в установленном законом порядке в органах юстиции.

14.7. Осы Жарғы орыс және қазақ тілдерінде жасалған, бұл ретте әрбір нұсқасының заң күші бірдей. Жарғының нұсқалары арасында кез келген сәйкессіздіктер болған жағдайда, орыс тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болады.

Настоящий Устав составлен на русском и казахском языках, при этом каждая его версия имеет одинаковую юридическую силу. В случае возникновения любого несоответствия между версиями Устава, версия на русском языке будет иметь преимущественную силу.

**КОНФЕРЕНЦИЯ АТЫНАН ЖӘНЕ ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША**

**ОТ ИМЕНИ И ПО ПОРУЧЕНИЮ КОНФЕРЕНЦИИ**

**Аханов Алибек Муратович, Бас хашы / Генеральный секретарь**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АСТАНА ҚАЛАСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ Qazaq Cybersport Federation БИН 171240012717 РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ГОРОД АСТАНА